



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2024 жылғы наурыз

Жылдық инфляция 2024 жылғы наурызда 9,1%-ды (ақпанда – 9,3%) құрады. Азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының жылдық мәнде өсуі тиісінше 6,9%-ға (ақпанда – 7,4%) және 8,2%-ға дейін (ақпанда – 8,5%) баяулады, ал ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы 13,2%-ға дейін (ақпанда – 12,8%) жеделдеді.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 14 өңірде баяулады, 5 өңірде жеделдеп, 1 өңірде өзгеріссіз қалды. Жалпы республикалық деңгейден жоғары жылдық инфляция 10 өңірде қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Қарағанды (10,8%) және Маңғыстау (10,1%) облыстарында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 наурыз – 2024 наурыз), %-бен

Қарағанды	18,5	10,8
Маңғыстау	21,7	10,1
Павлодар	18,7	9,8
Шығыс Қазақстан	18,7	9,7
Алматы қ.	17,2	9,7
Солтүстік Қазақстан	18,9	9,7
Астана қ.	19,9	9,4
Абай	17,8	9,3
Атырау	18,3	9,2
Жетісу	18,1	9,2

Шымкент қ.	16,6	9,1
Қазақстан Республикасы	18,1	9,1
Ақмола	18,8	9,0
Ұлытау	18,3	9,0
Ақтөбе	17,7	8,8
Батыс Қазақстан	18,5	8,6
Жамбыл	17,2	8,5
Қостанай	17,9	8,3
Қызылорда	18,3	8,1
Түркістан	17,8	8,0
Алматы	16,7	6,5

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары Ұлытау облысында (10,5%), Алматы қаласында (9,0%), Ақмола (8,5%), Жетісу (8,4%), Шығыс Қазақстан (8,1%), Солтүстік Қазақстан (7,8%), Маңғыстау (7,6%), Батыс Қазақстан (7,5%), Жамбыл (7,4%) және Абай (7,3%) облыстарында ел бойынша деңгейден (6,9% ж/ж) жоғары қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының елдегіден (8,2% ж/ж) жоғары өсуі Маңғыстау облысында (13,2%), Шымкент қаласында (9,7%), Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында (9,4%-дан), Ақмола (8,6%), Жамбыл және Қызылорда облыстарында (8,4%-дан) байқалды.

Жалпы республикалық деңгейден жоғары (13,2% ж/ж) **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы мына өңірлерде: Павлодар (18,2%), Қарағанды (17,4%), Атырау (16,6%), Солтүстік Қазақстан (16,3%), Ақтөбе (16,1%), Абай (15,1%), Шығыс Қазақстан (14,3%), Жетісу (14,2%), Түркістан (14,0%) облыстарында және Шымкент қаласында (13,7%) өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	6,9	8,2	13,2
Ақмола	8,5	8,6	10,4
Ақтөбе	5,6	6,8	16,1
Алматы	4,3	8,2	9,4
Атырау	6,8	7,8	16,6
Батыс Қазақстан	7,5	9,4	9,7
Жамбыл	7,4	8,4	11,8
Қарағанды	6,6	9,4	17,4
Қостанай	6,8	7,8	10,9
Қызылорда	6,4	8,4	10,8
Маңғыстау	7,6	13,2	10,6
Павлодар	6,4	7,5	18,2
Солтүстік Қазақстан	7,8	7,4	16,3
Түркістан	5,2	8,1	14,0
Шығыс Қазақстан	8,1	8,2	14,3
Астана қ.	5,9	7,4	13,2
Алматы қ.	9,0	7,7	12,0
Шымкент қ.	5,4	9,7	13,7
Абай	7,3	7,1	15,1
Жетісу	8,4	6,5	14,2
Ұлытау	10,5	7,4	8,6

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы наурызда елде **айлық инфляция** 0,7% болды, бұл тарихи орташа мәніненⁱ (2017-2021 жылдардағы наурызда 0,6%) жоғары. Айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні Павлодар облысында (2,1%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы наурыздағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы наурыздағы орташа мән	2024 жылғы наурыз	Өңірлер	5 жылғы наурыздағы орташа мән	2024 жылғы наурыз
Қазақстан Республикасы	0,6	0,7	Жамбыл	0,6	0,6
Павлодар	0,7	2,1	Қостанай	0,7	0,6
Солтүстік Қазақстан	0,6	1,2	Қызылорда	0,6	0,6
Ақтөбе	0,5	1,1	Батыс Қазақстан	0,6	0,5
Алматы	0,5	1,0	Ұлытау	-	0,5
Шығыс Қазақстан	0,7	1,0	Ақмола	0,6	0,4
Абай	-	0,9	Атырау	0,4	0,3
Маңғыстау	0,6	0,8	Қарағанды	0,5	0,3
Шымкент қ. ⁱⁱ	0,8	0,8	Астана қ.	0,7	0,3
Жетісу	-	0,8	Түркістан	0,8	0,2
Алматы қ.	0,5	0,7			

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән